

## Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітапхана - Оқу тәрбие процесін әдеби-ақпараттық камтамасыз ететін мектептің құрлымдық бөлімшесі болып табылады.

Кітапхананың жұмысы мектептің дамуының негізгі бағыттарымен ұстасып жатады.

### 2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылы бойынша мектеп кітапханасына 1 сыныпқа түгел оқулықтар ауысты, дәптерлер берілді, 5 жыл асыға күткен Атамұра баспасынан шыққан «Әліппе» және «Ана тілі» оқулықтарының жаңа баспадан шыққан түрі берілді. 2021-2022 оқу жылының басында 10-11 сыныптарға жаңадан шыққан оқулықтар келіп түсті. Ал осы уақытқа дейін қолданылып келген оқулықтар есептен шығарылды және осыған қосымша оқулық жетіспейтін кейбір сыныптарға, яғни 3-7 ші сыныптардың оқулықтарына сұраныс жасалып, жаңа оқулықтармен толықтырылды. Мектеп бойынша 1-11 сыныптар 100% оқулықтармен қамтылды. Сонымен бірге «Oxford University Press» баспасынан шыққан сөздіктер мен балаларға арналған ағылшын тіліндегі кітаптар келді.

Қазіргі таңда оқушылар бұл кітаптарды алып оқып жүр.

«Әлемbook» баспасынан шыққан 26 дана ертегі кітаптар келіп түсті.

2021-2022 оқу жылында оқырмандарға арнап барлығы 200 дана көркем әдебиет кітаптар мен ертегі кітаптар келді.

	Көрсеткіштер	Саны
	Мектеп кітапханасының саны	1
	Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиетті, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	21143
	Оның ішінде мектеп оқулықтар саны	17637
	Көркем әдебиеттер саны	1403
	Оқырмандар саны	625
	Кітапханаға оқырмандардың келу саны	5625
	Кітап беру саны	11250
	Кітапханашылар саны	2
	Оқу залының саны	-
0	Оқу залында отыратын орын саны	-
1	Кітапхана ауданы /шаршы метр/	48кв.м.

## 2021-2022 оқу жылы бойынша статистикалық есеп:

### Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:

Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Балаларды кітап оқуға баулу. Кітапты күтіп ұстау ережелерін білуге тәрбиелеу. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, ақыл-ойын, тілін дамыту, ғибрат сөздерден үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді. Атап айтсам: «Кітапты қалай таңдау қажет?», «Кітап- білім бұлағы», Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» шығармасы «Шоқан тұлғасы» кітапханалық сабағы, «Бәрін білетін кітаптар»-викториналық ойыны, «Сөз мергені» - интеллектуалды ойыны, «Ертегілер әлеміне саяхат», Әжемнің ертегілері» оқу марафондары, «Б.Соқпақбаевқа –балалар әдебиетінің бәйтерегі» - шолу сабағы, Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала» әңгімесіне талдау сабағы, «Мақал сөздің мәйегі» сайысы, «Кітаптар сөйлейді». Оқушыларға жаңа түскен кітапдарды жарнамалау, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты «Тәуелсіздік-тірегім» мәнерлеп оқу іс-шарасы,

«Менің сүйікті кітабым» мәнерлеп оқу, «Тәуелсіздік – ата-баба арманы» дауыстап оқу, Book Taste әдісі. Кітаптарға шолу жасау,

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап – менің досым» - кітапханалық сабағы, «Мұқағали Мақатаев – поэзия сен менімен егізбе едің?» - әдеби кеш, «Өнер алды – қызыл тіл» - жұмбақ сайысы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапхана – білімпаздар мекені» тақырыбында танымдық сабақ, «Үздік оқырман» сайысы, «Аналарға мың алғыс». Эссежазу іс- шарасы, Ш. Уәлиханов – тұңғыш ғалым – ауызша журнал, «Салт дәстүрім-қазынам» - дауыстап оқу, «Кел, балалар, оқылық» - челленджі, «Ұлы Жеңіс батырларын ұмытпаймыз!» - патриоттық сабақ, «Интернет орнына кітап» - акциясы. Қазақ әдебиетінің тарланы Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына жазушының шығармаларына шолу.

## **Жылдық және айлық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар:**

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру. Болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани-тәлім тәрбиелеу, кітап оқуға баулу. Отбасылық оқу дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, отбасының қатынасты және ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізу, олардың ақпараттық ағартушылығын ұйымдастыру. Кітаптың құдіретін таныту. Сонымен бірге кітап қорын толықтыру, оқу мәдениетін қолдау, тарихи-мәдени және рухани мұрамызды сақтау, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалана отырып, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқу арқылы олардың сөздік қорын, ой-өрісін дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтатын болсам: 30 тамыз Қазақстан Республикасының конституция күніне орай кітапханада «Мен өз елімнің патриотымын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

5 қыркүйек Қазақстан тілдер мерекесіне орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында "Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз" атты кітапханалық көрме ұйымдастырылды.

"Абай- салған дара жол" Абай өлеңдерін мәнерлеп айту 6 сыныптар арасында өткізілді;

25 қазан Республика күніне орай «Сүйем сені туған елім» атты сайыс сабағы 9 сыныптар арасында болып өтті. «Ертегілер еліне саяхат» 3 сыныптар арасында ертегілер көрсетілді. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды.

Оқушыларды рухани байлығын дамытып кітапхананың кітап қоры түрлі әдебиеттермен толықтырылды. «Кітап - жан азығы» 8-9 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді. «Азаттық аңсаған Алаш арыстары» 8 «Ә» сыныптармен кітапханалық сабақ өткізілді.

Кітапханада өткізіліп жатқан іс-шаралардың барлығы жылдық жоспардан алынып, айлық жоспар түзіліп, жоспарға сәйкес өз уақытымен өткізіледі. Қазіргі уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы мектепте жоғары деңгейде өткізіліп, жоба жақсы іске асуда, осы жобадан оқырмандар саны, кітап оқуға деген құштарлықтары жылдан жылға артуда.